"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/3203
08.06.2018ж.

"ҚСҚ" ҚБ "Төлеби"
Корпоративтік қорының
Президенті
Ж.Жанаевқа

Сіздің 01.06.2018 жылғы №271 өтінішіңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылаумен өтініште көрсетілген Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен 2018 жылдың 28 сәуірде веб-порталға жариялаған №2522709-2 «ОҚО, Отырар ауданы Қарақоңыр ауыл округі Ш.Қалдаяқов ауылындағы Шамши паркін және Адилет, Азаттық, Ерманов көшелерін абаттандыру жұмыстары» хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Камералдық бақылау барысында Сіздің өтінішіңізде көрсетілген уәждеріңіз дәлелдерін таппады. Себебі, жоғарыда аталған жұмысты орындау үшін техникалық ерекшелікке сәйкес талап етілген «Автопогрузчики 5 т.» - 1 дана техникасының орнына «Погрузчик L-34» техникасын ұсынғандығы анықталды. Алайда, ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2017 жылғы 07 құркүйектегі №366 қортындысына сәйкес «Погрузчик» техникасы «Автопогрузчик» техникасының орнын алмастырмайтындығы көрсетілген. Себебі, аталған техникалардың техникалық сипаттамаларына сәйкес екі техниканың атқару жұмысы бөлек екендігі анықталды.

Сонымен қатар аталған конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінен бұзушылықтар анықталып Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін Заңнама талаптарына сәйкестендіру қажеттілігін хабарлай отырып конкурс ұйымдастырушысына хабарлама жолданды.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сот органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді хабарлаймыз.

Департамент басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Келісілген: А.Мұратов

Орынд: У.Умирбеков
Сымтетік 35-00-35